

СОҒЫС КӨРГЕН...

Соғыс шындығының үшқындары



«КЕМЕЛ ТОҚАЕВ – ҚАЗАҚ ДЕТЕКТИВІНІҢ АТАСЫ» ДЕГЕН ТҰЖЫРЫМНАН ШЫНДЫҚ ҰШҚЫНЫ ТӨБЕ КӨРСЕТІНІ СӨЗСІЗ. НЕГЕ ДЕССЕНІЗ, ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖОЛЫН БЫРҢАЙ ОСЫ ЖАНРҒА АРНАП, ӨМІРІНІҢ СОҢЫНА ДЕЙІН СОЛ БАҒЫТТА ЖҰМЫС ІСТЕП КЕТКЕН ӨЗДЕГІ ҚАЗАҚ ҚАЛАМҒЕРІ ЖОҚҚА ТӨН. БАСҚА ЖАНРДА ЕҢБЕК ЕТПЕЖҮРГЕН ЖАЗУШЫЛАРДЫҢ АРАСЫНАН АРАКІДК ДЕТЕКТИВКЕ ҚАРАЙ АТ БАСЫН БҰРЫП ҚОЯТЫНДАРДЫҢ КЕЗДЕСІП ҚАЛАТЫНЫ РАС. НЕМЕСЕ БЫРҢАЙ ОСЫ ЖАНРДА ЖАЗҒЫСЫ КЕЛГЕН ТАЛАПкерлер болса, КӨРКЕМДІК ТАЛАПтарының тиісті деңгейінде көріне алмай жатады.

Алғашқы әңгімелер жинағы 1954 жылы «Жұлдызды жорық» деген атпен жарық көрген жазушының бұдан кейінгі кітаптарының бәрі де өзінің сүйікті жанрында жазылған дүниелерден тұратын еді. Атап айтқанда, «Қыс қарлығы», «Болашақ туралы ойлар», «Түнде атылған оқ», «Қастандық», «Арнаулы тапсырма», «Сарғабанда болған оқиға», «Таңбалы алтын», «Соңғы соққы», «Солдат алысқа кетті», «Ұясынан безген құс» тәрізді хикаят-романдарының қай-қайсысы да – өз оқырмандарын тапқан шығармалар.

Детективтің шыртырман оқиғалы сюжетке құрылып жазылған шығарма. Ал көркем әдебиеттің байыпты сыншылары, тіпті, байсалды прозаны қауаз жүрген қаламгерлер де бұндай үрдіспен өмірге келген туындыларды талдап, сыни айналымға кіргізуге онша ықыласы да бола бермейді. Оған себеп – бұндай шығармалардың басым бөлігінде шыртырман оқиға алдыңғы қатарға шығып кетіп, кейіпкер образының солғын суреттелуі, әлеуметтік-моральдық тартыстардың азығы, идеялық-эстетикалық астарлардың жоқтығы, мәтін тілінің қасандығы, шынайы бейнелі суреттердің кездесе бермейтіні. Бір сөзбен айтқанда, негізгі көркемдік факторларының әлсіздігі.

Кеңес өкіметінің идеологиялық талаптарымен қарапайым оқырманның талап-тілегі үнемі үйлесе берген жоқ, оқырман қашанда өзінің рухани сұранысын сусындатуға ынталы. Осы жағынан келгенде Тоқаев кітаптары қолдан қолға тимей, қызығушылықпен оқылатын. Таралымдары да мол болды.

Детективтік дүниені тек қасаң сөздермен емес, көркем тілмен дөнеректеуге болатынын Тоқаев шығармалары дәлелдей алды. Жазушы туындыларының өзіндік сипаттары қандай деген мәселеге келетін болсақ, ең алдымен мынадай жайттарға назар аударамыз.

Біріншіден, кейіпкердің адами болмыс-бітімі мен мінез-құлқының қоса ашылып отыруы. Оған дәлел – мына төмендегі бір-екі мысал.

«Өңі жұқалау келген ақ құба әйел. Реңі бөтен емес. Қыр мұрынды әдемі ешкіні өзі. Көк қастаннан белін қынамалап тіккіген пештен бар, етегі кендеу. Иегін көтеріп, қасын керіп, кербез сөйлейді» (18-б. Тоқаев Қ. Повестер. – Астана: Елорда, 2007. – 368 б.) деген қысқаша суреттеуде кейіпкер әйелдің тұрпаты оқырманның көз алдына елестей алатындай деңгейде.

«Сұңғақ бойлы, арықша келген жас жігіт. Киімі де, жүріс-тұрысы да бірқалыпты, өзгермейді. Үстінде сәнмен тіккен жалпақ қалталы, қысқа палты, алтын түйме қадалған ақ көйлектің жағасы палты омырауынан көрініп, өңін ашып, тұла бойын жинақылап, жарасты көрсетеді» (Сонда, 210-б.) деген суреттеу арқылы қаламгер оқырманның таным алаңына да сөз жоқ, Екі үзінді де артық-азыс сөздерден ада, сурет дәл де ықшам.

Бұдан шығатын қорытынды – Қ.Тоқаевтың сөзбен сурет салуға да назар аударған, көркемдіктің мәнін түсініп, игере білген жазушы екендігі. Біз Кемекеңнің бір ғана шығармасы арқылы оның детективтік жанрды игеру барысындағы кейбір ізденістеріне ғана тоқталып өттік. Нақ осы айтылған жағдаяттарды «Сарғабанда болған оқиға», «Түнде атылған оқ», «Таудағы жаңғырық», «Таңбалы алтын», «Соңғы соққы» және басқа шығармалардың композициялық сюжеттік құрылымдарына қарата айтуға болар еді.

Кемел Тоқаев – детектив жанрдың қылмыскерді іздеу тақырыбымен ғана шектеліп қалмай, оның аясын да кеңейте түсуді көздеген қаламгер. Оған дәлел – «Солдат соғысқа кетті» романының тақырыбы мен ондағы бір-бірімен қабаттаса дамып жататын оқиғалар тізбегі. Өзі де соғысқа қатысқан майдангер жазушы бұл шығармасында Ұлы Отан соғысының кезіндегі Кеңес жауынгерлерінің ерлік істерін суреттеуді мақсат етеді. Бірден ашып айту керек, басқа повестеріндегі емес, осы туындысының тілдік тіні көркем образдылық жағынан жұтанды, бейнелі сөздер мен сөз тіркестерін қолдануға онша құлшы-

ныс танытпаған тәрізді. Бәлкім, бұл асығыстықтың да ізі болуы ықтимал. Бірақ романды оқу барысында соғыстың қатгез кескінін көрсететін баталдық көріністер сол бір қанды жылдарға қарай жетелеп өкetedі. Қарапайым әскерилер мен командирлердің ерлік қимылдарын шыршық атқан оқиғалар арқылы суреттеу соғыс шындығынан алшақ кетпеген сыңайлы. Өйткені, кейбір бояуы қалың туындылардағыдай мұндағы Кеңес жауынгерлері адам сенбес ерлік жасап жатпайды немесе еңбейі кеңестік идеологиямен суарылған мінсіз жауынгер болып көрінбейді. Кейіпкерлердің бойында табиғилық бар. Майдан рухын аңғартатын ситуациялар мен оқиғалардың дамуы да логикалық тұрғыдан да, психологиялық тұрғыдан да сендіре алады.

К.Тоқаев бұл туындысында да өзінің детективтік қаламгер екенін еріксіз салып отырады, оқиғаны шыртырғуға қызмет ететін, былайша айтқанда бестселлер жанрына тән жұмбақшылдық сипаттағы үлгілер де жоқ емес. Оқырманның көз алдынан көлденеңден өтетін орта деңгейдегі командирлер мен қатардағы жауынгерлік құрамның ала-құла бейнесі. Қан майданда жүрген әр адамның «Өлмей, аман қалсам екен» деген тілегін жазушы кейіпкерлерінің адами психологиясынан шығарып, ішкі тартыстың негізіне айналдыра біледі.

Ұлы Отан соғысына арналған прозалық туындыларымыздың басым көпшілігінде Кеңес жауынгері Отанына шын берілген қаһарман әрі интернационалист болып суреттелуі мен еді. Бір қызығы Кемел Тоқаев кеңес адамдарының мінсіз бейнесін жасауға ұмтылмайды, жалаң интернационализмді насихаттаудан аулақ.

Автор шығарманың идеялық астарына соғыс жағдайындағы әділетсіздік көріністерін, ұлтаралық түсініспеушілік сияқты шетін мәселелерді де кіргізіп отырады. Кейбір орыс әскерилерінің қыр елінен келген қазақ жігіттеріне үстем көзқарастан қарауы оқиғаны жалаң қоюлау мақсатында алынбаған, соғыс кезіндегі ұлтаралық, мәсiлдік теңсіздікті білдіретін ашы да болса өмір шындығының үшқындары. Мысалы, Славос сияқты кеудемсоқ, мақтаншақ жауынгердің Мейрмано деген қазақты атып түсірген самолетін өзіне жазып алуға тырысуы, кейбір офицерлердің ұлты орыс емес жауынгерлерге күдіктен, астамшылықпен қарауы романның мазмұнын байыта түспесе, жұтандырмайды.

Бұдан шығатын қорытынды – өзі детективтік болғанымен, К.Тоқаевтың көркемдік ұстанымын реализм ауылынан алыс кетпей, шынайылық арнасынан табылатындығы.


Кемел ағамыздың қай шығармасы болсын экин фильм жасауға сұранып тұратын. Өкінішті жағдайдың бірі өз заманында қазақ кинематографистері оларға назар аудармады, ықылас қоймады. Әйтпесе Кемекеңнің шығармаларын негізге ала отырып, детективтік жанрдағы фильмдер жасауға, сөйтіп үлкен аудиторияға шығарып, үлкен бәделге ие болуға мүмкіндіктер бар еді. Рас, «Сарғабанда болған оқиғаның» желісімен түсірілген фильм жаман шыққан жоқ, бірақ жазушының идеялық рухын жеткізудің оңайға соқпағаны байқалады.

Өзі қан майданды көшіп, одан аман-есен келген Кемекең қарақат салдарынан бір аяғын аздап сылтып басытын, уақытты ағытын сылдыр сөзге мүлде үйірілгі жоқ, салмақты кісі еді. Сондықтан ба, оның қаншама қантөгісті бастан кешкен майдангер жазушы екендігін біреу біле бермейтін.

Басқа қазақ детективистерінің шығармалары өз кезінде нақ Кемел Тоқаев туындыларындай жаппай сұраныса ие бола алмағандығы, осы жанр бойынша ол кісі шыққан көркемдік пен бәдел бийіктің күні бүгінге дейін ешқайсысымыздың жете алмай келе жатқанымыз тағы да шындық.

Нұрдуәлет АҚЫШ, жазушы, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері.

ОСЫ МАҚАЛАНЫҢ ІШІН АЛА ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН СУРЕТТЕРДЕГІ МҰХТАР ӘУЕЗОВ ПЕН ЖҰБАН МОЛДАҒАЛИЕВТИҢ ҚАСЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛ АРМИЯ КОМАНДИРІНІҢ КИІМІН КИГЕН ЖАС АДАМ ТАТАР КЕҢЕС ӘДЕБИЕТІНІҢ ҰЛЫ АҚЫНЫ МУСА ЖАЛИЛДІҢ ПОРТРЕТІ. ПОРТРЕТТІҢ ҚАЗАҚ КӨРКЕМ СӨЗІНІҢ ДҮЛДҮЛДЕРІМЕН ҚАТАР ҚОЙЫЛЫП, БАСЫЛУЫНЫҢ МӘНІСІ БАР. ҮСТІМІЗДЕГІ 2015 ЖЫЛЫ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНДАҒЫ ЖЕҢІСКЕ 70 ЖЫЛ ТОЛЫП ОТЫР. БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНАН ЖЕҢІС КҮНІНЕ АРНАЛҒАН ТАЛАЙ МАЗМҰНДЫ ДА ҚЫЗЫҚТЫ ЖАРИЯЛАНЫДЫРМЕН ТАНЫСУДАМЫЗ. СУРЕТТЕРДЕН БАСТАЛАТЫН ӘҢГІМЕМІЗ СОЛ СОҒЫС ХИКАЯСЫНА ТИКЕЛІ ҚАТЫСТЫ. ...1957 ЖЫЛДЫҢ 2 АҚПАНЫ. КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ АСТАНАСЫ МӘСКЕУДЕ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР САЛАСЫ БОЙЫНША ЛЕНИНДІК СЫЙЛЫҚТАР БЕРУ КОМИТЕТІНІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ ӨТҮДЕ. НОМИНАЦИЯДА ӘДЕТТЕГІДЕЙ КӨЗІ ТІРІ АВТОРДЫҢ ШЫҒАРМАСЫ ЕМЕС. НЕМІС-ФАШИСТ ТҰТҚЫНЫНДА ӨЛІМ ЖАЗАСЫНА КЕСІЛІП, ҚАЗА ТАПҚАН АҚЫН МУСА ЖАЛИЛДІҢ «МОАБИТ ДӘПТЕРЛЕРІ». ТУЫНДЫНЫ ТҮПНУСҚАДАН ОҚЫП, БАҒАМЫН БЕРУ МӘЖІЛІС ҚАРСАҢЫНДА КОМИТЕТ МҮШЕСІ, ЖАНАНҒА ӘЙГІЛІ ЖАЗУШЫ МҰХТАР ӘУЕЗОВКЕ ТАПСЫРЫЛҒАН БОЛАТЫН.



шамның жарығымен жазылған блокноттары болатын.

Моабит түрмесінде Муса Жалил бельгиялық патриот Андре Тиммерманспен танысқан. Сол Тиммерманс соғыстан соң ақынның өлендері жазылған қойын дәптерін туыстарына табыс етеді. Тағы бір блокнотын жерлесі Нигмат Төреғұлов 1946 жылы Татарстан Жазушылар одағына тапсырады. (Артына ол бейбақ қамалады. Енді – сталиндік лагерьге. Бұл жолы Нигмат Төреғұлов қайтып еліне оралмайды. Қаза табады).

Муса Жалил мен оның жолдастарының неміс-фашист басқыншыларына қарсы жасырын жұмысының қандай нәтиже бергені мына бір фактіден әсіресе айқын көрінеді. «Еділ-татар» легионы күндердің күні Шығыс майданына аттандырылады. Бірақ фашист жауыздардың дегені болмай құм қабады. Легионерлердің басым көпшілігі – мың шақты адам өздерін басқарып жүрген жүзге жуық неміс офицерлерінің көзін жойып, белорус партизандарына қосылып кетеді...

Осындай қиуырау шаруа тындырған жасырын ұйымның соңғы жиналысы 1943 жылдың 9 тамызында өткен. Муса Жалил серіктеріне партизандармен және Қызыл Армия бөлімдерімен тиісті байланыс орнатылғанын қуана хабарлайды. Жалилдер лагердегі тұтқындар көтерілісін 14 тамыз күні бастауға шешім қабылдайды. Бірақ әккі жау да бос қарап жатпаған. Жансызы арқылы жасырын ұйымның әр қадамын аңдып отырған. Фашистер көтеріліс белгіленген уақыттан үш күн бұрын, 11 тамызда Жалилді серіктерімен қоса Моабит зынданына апарып қамайды...

Кейіндер мәжіліс жұмысына қатысқандардың бірі еске алғандай, өмір мен өлімнің қыл көпірінде қайыспаған Муса Жалилдің қайсарлығын, өршіл өлеңін еселеп тұрған ерлігін Мұхтар Әуезов тебірене толғап тұрғанда комитет мүшелерінің көбінің көзіне жас үйірілген. Мұхтар ағаның сол сөзін бүгіндер енді біз де толқмай, бей-жай оқи алмаймыз. Аздап тұтқырланып, жөткіріліп тұрып, бір уақытта бөгетін бұзған судай лақылдай жөнелетін бағыз студент кезіміздегі дәрісі еске түседі. Даусы саңқ-саңқ етіп құлағына келгендей, Муса Жалил портреті көз алдында жанданып жайнап шыға келеді. Бояуының өні сал да болса кетіріп алмас үшін заңғар шешен жазушының сөзінен алынған үзіндіні аудармай-ақ қоялық.

лысымен кент жұрты арасында пайда болған жаңа өнді сыңсытып айта бастады. Енді қайтып көреміз бе, көрмейміз бе дейтін қимасын жұрт «туыс» атайтын. Өннің соңғы жолы: «Мен туысты сағынып жүргенім-ай» деп аяқталады. Осы соңғы жол айтыла бере, ақ емен жат та ұрыссын: «Не көрдің сендерге жаман ырымды бастап, сынсыңдар адамның зәресін ұшырып? Анау қара табақ (репродукторды айтады) соғыс арқамызға аяздай батып бара жатса да ұлып тұрған жоқ қой сендердей. Ылғи жігерлі, кекті өн шырқайды...»

Әже ренжінің мәнін біртіндеп түсіндім. «Бойда қайрат, Ойда көз. Болмаған соң, айтып сөз» деген ғой ұлы Абай.

Бұл ғаклияның түп-тамыры терең тарих қойнауларынан, қазақ халқының осынау ұлан-байтақ жерін адам айтқысыз жанқиярлықпен қорғап, сақтап қалған дәстүрінен нәр алатын болуы керек. Қазбалы бөрсек, өздерін түрік нәсілі санайтын барлық халықтардың, ішінде татар жамағатының да...

Филология докторы Сауытбек Абдрахманов жуықта «Егемен Қазақстан» газетінде жариялаған «Шанаққал шайқасы» атты мақаласында Кемел Ататүріктің командирлеріне айтқан мына бір сөзін өзіне ерекше әсер еткенін жазады: «Мен сендерге шабуылға шығындар деп бұйырмаймын, мен сендерге шайқаста жан тапсырындар деп бұйырмаймын»

Ал, қолы бұғаулы ақын Муса Жалил жыры ант іспетті. Арында ары ағынан жарылады: – Өмірің ғана емес, өлімің де тұрған еліңе қызмет етуі тиіс.

Муса Жалилдің осы өсиетін қай тілде болсын абайлап аудару керек. Бұрмалауға жол жоқ! Татар шайрының өлендерін дұрыстап аудармаған орыс тәржімшілеріне қаратып Мұхтар Әуезов жасаған сын ескертпесі солай дейді. «Перевод поэзии Джалиля оказался плохим. Например, он говорит: «И жизнь моя была грустной песней, а смерть моя превратится в песню», а перевод такой: что жизнь моя была светлой песней, а смерть моя прервет ее. Такое «причесьвание». (Мұхтар Әуезов. Шығармаларының елу томдық жинағы. 47-том. Алматы. «Жібек жолы». 2011. 137-б.)

Муса Жалилдің өмірім де, өлімім де елжұртыма қайралған қару болуын қалаймын деген биік идеясын аудармашы көрінеу бұрмалап жайдақтыққа ұрыған. Мұханың сын ескертпесі кейінгі аудармашыларға сабақ болады. Қазіргі өлең тәржімшісі Муса Жалил жырына қиянат жасамай, нысанға деп тиген.

Песня меня научила свободе, Песня борцом умереть велит. Жизнь моя песней авнеда в народе. – Смерть моя песней борбы прозвучит! («Менің әндерім» өлеңінің соңғы шумағы).

Мұхтар Әуезовтің Лениндік сыйлық беру комитетіндегі сөзін Алматыдағы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтындағылар бөртін, өткен ғасырдың сексенінші жылдарының орта бөліне таман Мәскеуге арнайы кісі жіберіп алдыртқанбыз. Комитет мәжілісінде айтылған ой-пікір белгіленген ереже-тәртіп бойынша елу-алпыс жылға дейін жария етілмейтін екен. Мұражай үшін деген соң кеңшілік жасады.

Муса Жалилдің Лениндік сыйлыққа ие болған «Моабит дәптерлерінің» қайсар рухы Қазақстанның тағы бір сөз зергерінің шабытын қоздатқан. Майдангер ақын Жұбан Молдағалиевтің алмас қанат мұзасы қатарынан екі жыл бойы сұңқардай самғап, «Жыр туралы жыр» поэмасын туғызды.

Поэма шартты эпизодтан басталады. Муса Жалилдің отандастары қаһарман ақынның тыңдауға жиналған. Бірақ ол келмей қалады. Төртеу аған арналған орын бос тұр. Сонда ақын орнына Жыры сөз алады. Поэманың «Жыр туралы жыр» деп аталуы осы себепті.

Издесе мені кімде-кім, Шырағдан әнін шырқайды. Жырмының қызыл өрмегін, Табар да, ұғар сырдымы. Муса Жалил сыры – азат күнді аңсау, ашы зар-қайғы ғана емес. Тұтқындағы азап күндерін санап самарқу соққан жүрек – мазасыз тұтып бірі ғана. Жыры – «Өмір мен өлім дастаны». Осы тақырыпты жауынгерлік жігермен, құлшына өрістету арасында халқының «Жырылық өлі» аталатын ұлттық ойын-тойын көзге елестетеді. Іштей «Галия бану, слухым иркен» әнін шырқайды. Соның әсерімен енді қазақ ақыны: «Еркем» де «еркем», «бауырым», Ыстық сөз нелер табылар. Ақ белі сонда оралап Ақырын келіп мойныма», – деп іліп ала жөнеледі. Колхоз тойында гармоншы әуенімен қыз-жігіттер ортаға шағыды. «Барлығы биші, бәрі әнші»: Ерте де кел, көште, Тереземді шерте кел...» – деп шырқатады. «...Еділ бойлары, Шабитты, сұлу жазыра Секілді ақын ойлары».

Эпостың көк құлашы мен лирикалық толғанысы үндесе ұласқан поэзияның бас героині – хас батыр. Гитлершілдердің қоқиланып: сен бұрынғы қызыл комиссар ақын, татар легионына қосып, шығып жатқан татар газетіне өлеңіңді жаз деген азғырынысына «Мыр етіп Муса күледі!»

– Қару берсең – сазайын, Қалмаспын енді қапыда. Қалам берсең – жазайын, Басыңа эпиграфия!» Тұтқын ақынның туған жерін еске алып қиял кемеіне мінгендей ішкі монологын «Қалп саған!» – деп жеңіре албастанған жөндеттер үзін жібереді. Бірақ шайырдың биікке самғаған көңіл-шабытын күйретуге қауқарсыз. «Жөндеттер оқыс тоқтады. Тұтқын жан емес алдында, Тұрғандай мылтық оқтуалы», (Жұбан Молдағалиев. «Жыр туралы жыр». Алматы. «Жазушы», 3-25-б.)

«Жыр туралы жыр» ақын Муса Жалилдің жалынды жүрегін қайта соқтырғандай әсерге шомылтады.

Мұхтар Әуезов, Жұбан Молдағалиевтің бұлттан шыққан күндей көңілге нұр себетін сөз, жырылар «Моабит дәптерлерінің» мәртебесін асқартаудай асқақтатақ. Муса Жалил – Отанының, барша прогресшіл адамзаттың жалынды жаршысы да, жырысы да.

Шерияздан ЕЛЕУКЕНОВ.

ӨМІРІ ДЕ, ӨЛІМІ ДЕ ХАЛҚЫНА ҚАЙРАТ БЕРЕТІН АҚЫН

(Мұхтар Әуезов пен Жұбан Молдағалиев «Моабит дәптерлері» туралы)

Ұлы Мұхтар не тақырыпта сөйлесе де мәселені қопара зерделейтін мәнерінде өсіле жөнелген. Мәскеудегі Максим Горький атындағы Дүниежүзі ғылыми-зерттеу институтының ақын туралы 400 беттік еңбегін, шайырдың екі томдық шығармалар жинағын, тиісті диссертацияларға дейін шолып шыққанын айта келе, Муса Жалилдің «Моабит дәптерлерінің» қыр-сырын, үздік қасиеттерін талдауға кірісті.

Шағын баяндамада ақынның саналы ғұмырының бар кезеңі тәптіштелмегені заңды нәрсе. Сондықтан өмір тарихының белді-белді кезеңдерін жайыңқырап еске алуға тура келеді.

Муса Жалил – 1906 жылы Орынбор облысының Мұстафино селосында туған. 1919 жылы комсомол, кейіндері Коммунистік партия қатарына өтеді. Өлеңді сегіз жасынан бастап жазға бастаған. Соғысқа дейін оны өлеңдер жинағын шығарып үлгерген. Мәскеу мемлекеттік университетінің әдебиет факультетін тәмамдаған.

Мінезі жасасаң, алғыр, білімді, қоғамдық жұмысқа икемді жас талант Қазан шаһарына шақырылады. 1939-1941 жылдары Муса Жалил – Татар Автономиялық Кеңес Республикасы Жазушылар одағының жауапты хатшысы, Қазан қалалық кеңесінің депутаты болып сайланады. Ел шетіне жау тигенде қолында «бронь» деп аталатын соғыс жағдайында қызметін атқара беруге рұқсат қағазы болса да, өзі тіленіп майданға аттанады. Айнала доң-жолдастарына: «Қагда идет война, я предпочитаю укрываться за броней танков», – деген.

Әсерге алынысымен біраз уақыт саяси қызметкерлер курсына оқыған соң Волхов майданына жіберіледі. Неміс-фашист басқыншыларына ойсырата соққы беруімен атағы шыққан Екінші екіпінді армияның құрамында соғысқа кіреді. Сұрапыл шайқас жайлы сүйген жары Шолпанына хат жазып, жора-жолдастарымен де үзбей хабарласып тұрған.

Бірақ өттегене, жазмышқа не шара. 1942 жылдың маусымынан бері қарай майдангерден отбасына келетін хат сап тыылады. Жауынгер ақын өлі-тірісі белгісіз хабар-ошарсыз кетеді. Тек соғыс өрті басылып, Рейхстад төбесінде қызыл ту желбіреген 1945 жылдың мамырынан кейін ғана көп жылғы тысымының шымылдығы түріле бастайды. Берлин шаһары фашизмнің иіс-қонысынан арылту күндерінің бірінде сондағы Моабит түрмесінің қараңғылау барағынан қорыс-қолпасы шығып шайылған кітаптар арасынан орыс тілінде жазылған бір жапырақ қағаз ұшырасады. Қағаздағы жазу дереу тиісті органдарға белгілі болады:

«Я, известный поэт Муса Джалил, заклю-

чен в Моабитскую тюрьму как пленный, которму предъявлены политические обвинения, наверное, буду скоро расстрелян...»

Жалғыз ғана сөйлемде ақынның із-түсіз кетуінің ебеп-себебін блуге қажетті әжептәуір шындық бар еді. Ел-жұртына белгілі ақын екендігі бұрыннан мәлім. Беймәлімі, тұтқынға саяси айып тағылғаны еді. Халқы сүйікті ақынның тас қамалдың ауыр азабына майыспағанына, Отанына адал перзенттің күрескерлік ерлігіне тәнті болды. Ең кереметі – ақындық жүрегі соғуын тоқтатпаған. «Моабит дәптерлерінің» дүниеге келуінің өзі жатқан бір хикая.

Жау қолына қатты жараланған күйде түскен ақын, өзін-өзі апаққа әрекеттенген. Бірақ пистолетті ол алмай қалады. Қан жылаған жүрегінен «Кичер, елім!» – «Прости, Родина» сыпатты жырлар төгіледі.

«Последний миг – и выстрела нет! Мне изменил мой пистолет...»

«Нишлм, сугшб достым-пистолетым Сонғы сүздән кінәт бас тартты. Боғалы судан дошман кулларыма Нәм хурлыкыа юлдан атлатты».

Жау жүрек тұтқын неміс-фашистерінің сенімді серіктерімен бірге жасырын ұйым құрған. Ұйымның мойнына алған жүгі осыл еместі: әскери тұтқындардың лагерден қашуын ұйымдастыру, неміс-фашистері құрған «Еділ-Орал» легионының арасында саяси үгіт-насихат жүргізу, листовкалар жазып, лектографқа түсіру істері – айта берсе толып жатыр. Тұтқындағы татар жерлестері ақынның ұяты, айбатты өлеңдерінен рухани нәр алып, жігер-қайратын шындаған.

Тик-йт, кошчык, Бу килуен соңғы қабатты? Соңғы қабат болса, тыңла, кошчык, Соң төлеген мағұрур жанымның: Оч ин илгә нәфрәт һәм мәхәббәт Жыр бұлып тоткын шағыйрнең. Уқ шикелле үткен қанатыңнан, Таң шикелле яқты жырыңнан Таныр сине халқың, «Бу дия, аның Соңғы жыры көрәш қырыңнан. Цәнекелле чыбык бәйләса дә, Дип, шағыйрнең аяқ-кулларын, Бер кәч тә юк жирдә боғаударлык Аның кайнар йөрәк монңарын». Оч син, кошчык, көчле жырым булып, Шушы сина соңғы теләге? Тәнем қалсын монда, (Нәрсә ул тәң?) Барсын илгә минем йөрәгем. («Кощык» өлеңінің соңғы шумағы.) Моабит зынданында тәнім қалса қалсын, тұған еліме барса екен жүрегім дейді. Жүрегі – түрмедегі «сұқыр лампа», сығырайған